

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Төменгі және жоғарғы сатыдағы өсімдіктер

ЖАРИЯЛАНДЫ
12.05.2020

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/73940/>

Пән: Жаратылыстану	Мектеп:
Күні:	Мұғалімнің аты—жөні:
Сынып: 4-сынып	Қатысқандар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақ тақырыбы	Төменгі және жоғарғы сатыдағы өсімдіктер
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	4.1.1.1 Зерттеудің өзекті бағытын өз пайымдауы негізінде анықтау 4.2.1.5 төменгі және жоғарғы сатыдағы өсімдіктерді ажырату;
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар: Оқушылар ашылған ғылыми жаңалықтардың адамның күнделікті өміріне әсерін, қоршаған ортаны танып білу үшін бақылаудың маңызын біледі. Көптеген оқушылар: Экспериментті жоспарлай алады, жүргізеді, ақпарат көзін, олардың артықшылығы мен кемшілігін анықтап, атай алады, зерттеу нәтижесін кесте мен диаграмма арқылы көрсете алады. Кейбір оқушылар: Бөлім 1-3 сыныптарда «Ғылым мен зерттеушілердің рөлі» бөлімі бойынша меңгерген материалға сүйенеді.
Бағалау критерийлері	Оқушылар жанды және жансыз табиғат құбылыстарын зерттеу арқылы өздерінің танымын кеңейте түседі, зерттеу бағытын, әдісін таңдау себебін негіздейді. Алынған нәтижені өзі таңдаған формада ұсынып үйренеді.
Тілдік мақсаттар	Оқытудың тілдік мақсаты Оқушылар -зерттеудің өзектілігі туралы әңгімелейді; -таңдаған зерттеу әдісін оның артықшылығы мен кемшілігіне байланысты негіздейді. Пәндік лексика және терминология Бақылау, эксперимент, бақылаушы, зерттеу нысаны, зерттеу құралдары, зерттеушінің білігі мен дағдысы, эксперимент шарты. Диалог/жазу үшін пайдалы фразалар сериясы Талқылау сұрақтары: — Зерттеу әдісінің қайсысын таңдау керек? — Қандай зерттеу бағытын таңдау керек? — Неліктен бақылауды (экспериментті) таңдадыңыз? — Зерттеу нәтижесін қайда және қалай қолдануға болады?

Құндылықтарды дарыту	Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу.	
Пәнаралық байланыстар	Математика, дүниетану, әдебиеттік оқу, көркем еңбек.	
АКТ қолдану дағдылары	Интернет-ресурстар, дерекқордан және интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу;	
Бастапқы білім	Оқушылар ашылған ғылыми жаңалықтардың адамның күнделікті өміріне әсерін, қоршаған ортаны танып білу үшін бақылаудың маңызын біледі. Экспериментті жоспарлай алады, жүргізеді, ақпарат көзін, олардың артықшылығы мен кемшілігін анықтап, атай алады, зерттеу нәтижесін кесте мен диаграмма арқылы көрсете алады. Бөлім 1-3 сыныптарда «Ғылым мен зерттеушілердің рөлі» бөлімі бойынша меңгерген материалға сүйенеді.	
Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс—әрекет	Ресурстар

<p>Сабақтың басы</p>	<p>Жаңа топ құру</p> <p>Психологиялық ахуал қалыптастыру: «Гүлмен тілек» (сергіту және топқа біріктіру) Тыңдау дағдыларын дамыту, сондай-ақ оқушыларды қатыстыру арқылы барлығын теңестіру, жағымды ахуал қалыптастыру. Оқушыны бір-біріне тілек айту арқылы жақындастырады, көңіл күйін көтереді, бауырмалдығын оятады.</p> <p>Оқушылар арнайы дайындалып келген гүлді алақандарына салып тұрып, бір-біріне тілек тілейді және гүлдің түстері бойынша топқа біріктіріледі. 1-топ — қызғылт 2-топ - жасыл 3-топ - көк</p> <p>Жұмыс ережесін келісу Алдыңғы білімді еске түсіру (жеке, жұпта, топта, ұжымда) «Кезектескен интервью» әдісі. (Әр топқа өткен сабақтардан сұрақтар беріледі. Микрофон қолдану. Автор орындығы әдісі. Үй тапсырмасын орындаған кез-келген оқушы. Орындыққа жайғасып, барлық сыныпқа үй тапсырмасын қалай орындағанын түсіндіріп береді. ҚБ «Бағдаршам» арқылы бағалау. Оқушылар бағдаршамның түстерін белгілеу арқылы кері байланыс береді. Оқу мақсатын таныстыру Күтілетін нәтижені анықтау Өсімдік мүшелерін еске түсір. Олардың әрқайсысы қандай қызмет атқарады? Мүшелері болмайтын өсімдік болуы мүмкін бе? Өсімдік мүшелері Өсімдік мүшелерін еске түсір. Олардың әрқайсысы қандай қызмет атқарады? Мүшелері болмайтын өсімдік болуы мүмкін бе?</p>	<p>Гүлдер.</p> <p>Тапсырманы орындаған оқушыны ауызша мадақтау, толықтыру жасау, бағыттау.</p> <p>«Сұқ саусақ» стратегиясы</p>
-----------------------------	--	--

<p>Сабақтың ортасы</p>	<p>Ширату тапсырмасы (Жұптық, ұжымдық жұмыс) «Ойлан-жұптас-бөліс» әдісі Төменгі сатыдағы өсімдіктерге нелер жатады? Жоғары сатыдағы өсімдіктерге ше? Өсімдіктерді неге бұлай топтастырады? Өз ойыңды түсіндір. Дескрипторы: өсімдіктердің қандай топтарға бөлінетінін біледі; • төменгі және жоғары сатыдағы өсімдіктерді ажыратып үйренеді.</p>	<p>«Ойлан-жұптас-бөліс» әдісі</p> <p>Тақтаға ілінген суреттер.</p> <p>Тапсырманы орындаған оқушыны ауызша мадақтау, толықтыру жасау, бағыттау.</p> <p>Қосымша жұмыс дәптері.</p>
<p>Сергіту сәті</p>	<p>Сергіту сәті. Мен қазақпын.</p>	<p>Оқушылар би билеп сергіп қалады.</p>

<p>Сабақтың соңы</p>	<p>Жаңа білім мен тәжірибені қолдану Өсімдіктер төменгі сатыдағы және жоғары сатыдағы депбөлінеді. Төменгі сатыдағы өсімдіктердің мүшелері болмайды. Олар сулы ортада тіршілік етуге бейімделген. Бұл топтағы өсімдіктерге балдырлар жатады. Жоғары сатыдағы өсімдіктердің мүшелері толық жетіледі. Олардың тамыры, сабағы, жапырағы, гүлі мен жемісі болады. Мысалы, қарағай, арша, терек, итмұрын жоғары сатыдағы өсімдіктерге жатады. Өз өлкеңдегі бір өсімдікті таңдап ал да, кестедегі үлгі бойынша оның мүшелерін сипатта. Бұл өсімдік қай топқа жатады? Неліктен? Рефлексия (жеке, жұпта, топта, ұжымда) Оқушыларға «Білім пирамидасы» кері байланыс постері түсіндіріледі. Стикерлер таратылады. Оқушылар өздері қалаған шың басына жабыстырады.</p>	<p>Тапсырманы орындаған оқушыны ауызша мадақтау, толықтыру жасау, бағыттау.</p> <p>Тапсырманы орындаған оқушыны ауызша мадақтау, толықтыру жасау, бағыттау.</p> <p>«Білім пирамидасы» кері байланыс парағы</p>
<p>Қосымша ақпарат</p>		
<p>Саралау. Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлайсыз?</p>	<p>Дереккөздер: Кейбір оқушылар басқа сыныптастарына қарағанда анағұрлым күрделі дереккөздермен жұмыс істей алады.</p>	
<p>Бағалау. Оқушылардың үйренгенін, материалды меңгергенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?</p>	<p>Бағалау парақтары</p>	
<p>Қорытынды бағалау</p>		

Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?

- 1.
- 2.

Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алады (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?

- 1.

Сабақ барысында сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиындықтары туралы не білдім? Менің келесі сабағымды жетілдіруге не көмектеседі, неге көңіл бөлу керек?

- 1.
- 2.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.